



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

11.05.2023 № 1 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 11 мамырдағы  
қаулысы

Қаланың шет аймақтары мен  
тұрғын алаптардың  
жол инфрақұрылымын дамыту

Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) елорданың шет аймақтары мен тұрғын алаптарының жол инфрақұрылымын дамыту туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Қаланың тұрғын алаптарын дамыту мақсатында 2010 жылы Астана қаласының шет аймақтарын дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамаға сәйкес 2011 - 2022 жылдарда жолдар мен инженерлік желілер салынды, оның ішінде 2019 жылдан 2022 жылға дейін Көктал-1, Көктал-2, Комсомольский, Интернациональный, Достық тұрғын алаптарында, Оңтүстік-Шығыс шағын ауданының сол жағында инженерлік желілер салу бойынша жұмыстар жүргізілді. Соңғы төрт жылда орташа жөндеу аясында жалпы ұзындығы 80 км болатын 237 көше жөнделді. Ағымдағы жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 6 тұрғын алапта 7 жобаны іске асыруға қаражат бөлінді.

«Жол активтері сапасы ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Астана қаласы бойынша филиалы мен «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ арасында жасалған шарт шенберінде 952 жол-құрылыш материалдарының сынамалары алынды, олардың 322-сі (34,1%) нормативтер талаптарына сай емес (суға қанығу және нығыздалу). Бұгінгі күні 145 сынама бойынша ескертулер жойылды, 177-сі жойылған жоқ. 42 жұмыс жүргізу технологиясының ақаулары мен бұзушылықтары анықталды, ескертулердің 32-сі (76%) жойылды. Анықталған ескертулер бойынша жалпы ауданы 5 572 м<sup>2</sup> асфальтбетон жабыны, сондай-ақ жалпы сомасы 98 млн. 399 мыңға 12 328 м<sup>2</sup> инерпті материалдар қайта салынып төсөлді.

Астана қаласының Полиция департаменті жолдарды құтіп ұстауда және жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарында, оның ішінде

автомобиль жолдарын салуда және қала көшелерінің жүру бөлігін жөндеу жұмыстарында жаппай бұзушылықтарды анықтады.

Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, Астана қаласының мәслихатына және Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК-на (iКОМЕК109 орталығы) елорданың шет аймақтары мен тұрғын алаптарының жол инфрақұрылымына қатысты көптеген шағымдар келіп түсуде.

2023 жылдың басынан бастап iКОМЕК109 қызметіне 3 219 өтініш келіп түсken. Шағымдар жолдар, тротуарлар төсемдерін (шұңқырлар, асфальтталмаған жолдар, тротуарлардың болмауы) қалпына келтіруге (1 279), аялдамаларды қалпына келтіруге, орнатуға, абаттандыруға (1 058), бағдаршамдарды орнатуға, олардың жұмыс істеуіне (494), жол белгілерін орнатуға және таңбалар салуға (376) қатысты.

Келіп түсken шағымдарды ескере отырып, депутаттар қаланың кейір аудандарын аралап шықты, сапарлар барысында жол инфрақұрылымының қанағаттанарлықсыз жай-күйі расталды.

Қанағаттанарлықсыз жағдайдағы жолдар назардан тыс қалып, жақсы күйдегі жолдар жөнделіп жатқан жағдайлар кездеседі.

Тұрақты комиссияның 2022 жылғы 11 қыркүйектегі қаулысында Астана қаласы аудандарының әкімдіктеріне тұрғындардың өтінімдерін ескере отырып, алдағы жылға арналған жолдарды жөндеу жөніндегі негізделген жоспарлар әзірлеу және жоспарға өте нашар жағдайдағы жолдарды бірінші кезекте енгізу ұсынылды. Алайда мәслихатқа тиісті жоспар берілмеді және бұл мәселелер бойынша шағымдар әлі де түсude.

Сондай-ақ, Астана қаласының Полиция департаменті ауыр салмақты автомобильдердің жүру ережелерін бұзушыларды жауапкершілікке тарту туралы ақпаратты берmedі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елорданың шет аймақтары мен тұрғын алаптарының жол инфрақұрылымын дамыту туралы ақпарат назарға алынын.

2. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

Астана қаласының шет аймақтары мен тұрғын алаптарының жол инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмысты жалгастыру;

«Жол активтері сапасы ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Астана қаласы бойынша филиалының ескертулерін жою жөнінде шаралар қабылдау;

ағымдағы жылдың 30 мамырына дейін атқарылу мерзімдері мен республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін сомаларды көрсете отырып, тұрғын үй алаптарын дамытудың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу;

мердігерлік ұйымдардың жолдарда жөндеу жұмыстарын жүргізу ережелерін сақтауы бойынша жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

ағымдағы жылғы 25 мамырға дейін аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаты А. Айтхожиннің және мұдделі үйымдар өкілдерінің қатысуымен жасанды жол бұдырларын, бағдаршамдар, жаяу жүргіншілер өткелдерін, аялдамаларды орнату мәселелеріне қатысты «Отау» және «Мичурин» шағын аудандарына баруды үйымдастыру;

Жангелдин мен Күмісбеков көшелерінің қызылысы ауданында және Бейбітшілік пен Өуезов көшелерінің арасында Жангелдин көшесінің бойында жол таңбаларын салу, жиектастар, тротуарлар, жасанды жол бұдырларын орнату бойынша шаралар қабылдау;

ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін 2021-2022 жылдары жүргізілген жұмыстар және жұмыстардың басталу және аяқталу мерзімдерін, мердігерлерді, жұмсалатын қаражатты көрсете отырып, жолдарды орташа және күрделі жөндеу жөніндегі ағымдағы жылы жоспарланған жұмыстар туралы кеңейтілген ақпарат беру;

а.ж. 31 мамырға дейін мәслихаттың аумақтық сайлау округі бойынша депутаты Т. Ерғалиевтың және мұдделі үйымдардың қатысуымен жолдардың қанағаттанарлықсыз жай-күйіне байланысты Агрокалашық т/а баруды үйымдастыру;

«Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-мен бірлесіп, елорданың тұргын алаптарында сумен жабдықтау, көріз, нөсер көрізі құрылышының және жолдарды жөндеудің жаңа жобаларын әзірлеу бойынша қолда бар ағымдағы жобалар, жоспарлар туралы ақпарат беру;

ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін Технопарк аумағында биылғы жылы жоспарланған жол жөндеу және келесі кезеңге арналған жоспарлар туралы ақпарат беру (депутат Рахмет Ж.К.);

Астана қаласында қоғамдық көліктің соңғы аялдамаларын абаттандыру жоспарын әзірлеу, шығын бөлігінің есебін жүргізіп, депутаттық корпустың қарауына шығару;

Астана қаласында бетон жолдар салу және оларды қолдану мәселесін зерделеу ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ:

ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін Оқжетпес, Герцен, Бейсекова көшелерінде тротуарлар орнату және Ақан сері көшесіндегі жылу трассасының құбырларын бөлшектеу туралы ақпарат беру;

Астана қаласы бойынша «Жол активтері сапасы ұлттық орталығы» ШДЖҚ РМК-мен шарттар жасасу, алдағы бюджетті нақтылауда өтінім беру және тиісті шарт жасасу үшін қаржы қаражатына қажеттілікті есептеу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ-не тұрғын үйді жаңарту бағдарламасымен шектелген Агрокалашықта үйлер салуға рұқсат беру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

5. Астана қаласы аудандарының әкімдіктеріне тұрғындардың өтінімдерін ескере отырып, алдағы жылға арналған жолдарды жөндеу жөніндегі негізделген жоспарлар әзірлеу және жоспарға өте нашар жағдайдағы жолдарды бірінші кезекте енгізу ұсынылсын.

6. Астана қаласының Полиция департаментіне:

тұрғын үйлердің аулаларында ауыр салмақты автомобильдердің жүру ережелерін бұзушыларды жауапкершілікке тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат беру;

шешуді талап ететін жол инфрақұрылымының проблемалық мәселелері туралы ақпарат енгізу ұсынылсын.

7. «Жол активтері сапасы ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Астана қаласы бойынша филиалына:

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ тарапынан жойылмаған жол активтерінің сапасы бойынша ескертулер туралы ақпарат беру;

өткен жылы автомобиль жолдарын салу кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасын зерттеу туралы деректер енгізу;

«Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ және «Астана қаласының Құрылым басқармасы» ММ-мен шарттар жасасу үшін қаржы қаражатына қажеттілікті есептеу;

жартыжылда бір рет автомобиль жолдарын салу кезіндегі жұмыстар мен материалдардың сапасын сараптау және елорданың жол активтерін басқару жөніндегі жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру ұсынылсын.

8. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылымы, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылымы, экология, көлік және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының  
төрагасы**



В. Сергеев